

# Бәрі де өзіміздің белсенділігімізге байланысты

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясында Конституцияға өзгеріс енгізілетінін мәлімдеді. Бір қуанарлығы, бұл өзгерісті жалпыхалықтық референдум өткізу арқылы жүзеге асырып, таңдауды халықтың өзі жасайтын болды.**

Иә, осы уақытқа дейін екі мәрте Конституция қабылданған болса, екінші Конституцияның қабылданғанына да 27 жыл болыпты. Ол 1995 жылдың 30 тамызында референдумда қабылданған еді. Содан бері оған қаншама өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл заң биліктің үш тармағының теле-теңдігін тек қана қағаз жүзінде ғана іске асырды. Ал, нақты іс жүзінде авторитарлық суперпрезиденттік билік берік орнады. Демократияның негізгі принциптері бұзылды. «Жер қойнауы, өсімдіктер, жануарлар әлемі, табиғи ресурстар барша халыққа тиесілі» деген сөз сол заңда да бар-тұғын. Алайда, «Мемлекет халықтың атынан иелік жүргізуге құқылы» деп редакциялануы елең еткізді. Демек, бұл – талқылауға тұрарлық өте өзекті мәселе. Мысалы, заң дайындау барысында министрліктер халықпен санаспады. Содан барып әрқилы кикілжіңкелеңсіздіктер, қеліспеушіліктер туындап жатты. Соңы дауға ұласты. Сондықтан да



халықтың тағдырына қатысты күрмеуі қиын күрделі мәселелерді шешу барысында оған халық өзі тікелей қатысып, хабардар болуы тиіс. Бұл – уақыт талабы. Қарапайым жұртшылық референдумның ашық өтетініне толықтай сенімді болуы керек. Көпшілік қауымның көзі толық жетіп, көңілі толғанда Әділетті Қазақстанға деген риясыз түсінік шын мәнінде мемлекеттік модельге айналады. Сонда ғана жаңарған Қазақстанның конституциялық реформасы салтанат құрып, өмірімізді жақсы жағына өзгертеді. Әділетті Қазақстанның темірқазығына айналады. Суперпрезиденттік жүйеден қуатты Парламенті бар президенттік республикаға көшуді үндейтін референдумды жариялау – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының нақты іске аса бастағанын айқындаса керек.

Референдумның басты мақсаты – саяси-құқықтық жүйемізді жетілдіру. Конституциялық реформа жасау. Нақты өзгерістер Конституциядағы 98 баптың үштен бірін құрайды. Яғни бұл өзгеріс Жаңа Қазақтанды құру жолындағы ел дамуының жаңа кезеңге қадам басқанын білдіреді.

«AMANAT» партиясының хатшысы Дәулет Кәрібек хабарлағандай, референдумға орай партия жанынан қоғамдық штаб құрылған. Оны осы саяси ұйымның жетекшісі Ерлан Қошанов басқарады. Штабтың құрамында 5 мыңға тарта мүше бар. Енді осынау топ елмен кездесулер өткізеді. Азаматтардың айтқан ұсыныстары мен талап-тілектерін талқылайды. Шешімін күткен күрделі мәселелерді партия басшылығына жеткізеді. Саяси ұйым мүшелері өз кездесулерінде тек қана референдумды насихаттаумен шектелмей, елдегі өзекті мәселелермен де жақыннан танысып, оның шешілу жолдарына ықпал етпек.

Жалпы айтқанда, бұл бастаманың басты мақсаты да халық пен биліктің арасын мейлінше жақындата түсу екенін естен шығармайық. Үкіметтің заң дайындау мен шығару барысында халықпен толықтай санасуы мемлекеттің мүддесіне айналуы тиіс. Қазіргі кезде кейбіреулердің әлеуметтік желі арқылы референдумның ашық және әділ өтуіне күмәнмен

қарайтынын көріп, біліп, естіп жүрміз. Олар шенеуніктердің халықтың мұң-зарын тыңдамайтынын алға тартады. Бұл ретте тұрмысы жүдеу көпшіліктің ренішін, күмәнін түсінуге болады. Дегенмен, біз кезінде осындай саяси өзгерістер болса екен деп армандадық емес пе?! Бұл бастамалар сол өзгерістердің алғышарты екенін де ұмытпайық. Ал, оның қалай, қай деңгейде жүзеге асатыны түптеп келгенде сіз бен бізге тікелей байланысты. Егер халық белсенді болса, оның қалауы да, ой-ұсыныстары да назардан тыс қалмайды. Ендігі жерде тұрмысымызды түзеп, жағдайымызды жақсартып алу үшін ел патриоттары осы мүмкіндікті мүлт жібермей, өз пайдамызға асырғанымыз абзал. Бұл – біздің тарихи миссиямыз. Өйткені, біз болашақ ұрпақтарымыздың тағдыры үшін жауаптымыз. Қорыта айтқанда, алдағы республикалық референдум – жекелеген топтарды күшейтуді емес, мемлекетімізді жетілдіруді, жаңғыртуды және нығайтуды көздейді. Сондықтан баршамыз 5 маусым күні өзіміздің азаматтық көзқарасымызды білдіріп жатсақ, одан тұтас қоғам ұтады. Осыны ұмытпайық.

**Кеңес БАЙЖАНОВ,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ-дің аға оқытушысы,  
ауыл шаруашылығы  
ғылымының кандидаты.**